

«Bal-Aiym» бебеюкай-бакшасы

«Түстек»

Тобы: «Балжан» кіші тобы
Тәрбиеші: Нағметуллаева З

2024-2025 оқу жылы



Білім беру дагдылары: Танымдық, коммуникативтік, шығармандық.

Ұйымдастырылған ашық ойын іс-әрекеті: Сенсорика, жапсыру, сәйкестендіру.

Такырыбы: «Түстер»

Мақсаты: Балаларга негізгі төрт түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк) ойын арқылы топтастыруға үйрету. Ауызша нұсқау мен үлгіге қарай сүйене отырып, тапсырмаларды орындау.

Әдіс-тәсілдері: мига шабуыл, ойын, тапсырмалар орындау, жапсыру, сергіту сәті.

Дерек көздері: галамтор, әдістемелік құралдар

Көрнекіліктер: үлестірмелі материалдар, асықтар, түрлі түсті шарлар.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме, құрметті апайлар! Бүтінгі кіші «Балжан» тобының «Түстер» ашық Ұйымдастырылған оку іс-әрекетін бастауға рұқсат етініздер.

Музыка әүенімен балалар автобус арқылы балалар ойын аланына кіреді. Конактармен шаттық шенберін айту арқылы сәлемдеседі.

Сәлем, сәлем саусақтар,

Сәлем, сәлем аяқтар

Сәлем, сәлем қарақат көздерім,

Кірпігіме карашы сен менің

Сәлем, сәлем ерінім,

Сәлем, сәлем мұрным

Сәлем, томпак беттерім алақай!

Сәлем, сәлем бәріне, балақай! (*сөйлеуді дамыту, музыка*)

Тәрбиеші: Тосын сәт: «Түрлі түсті шарлар»

-Балалар бізге конакқа Қоян келді.

Қоян балалардан шарлардың түстерін, үстелдегі заттардың түстерін сұрайды.

Ойын: «Шарларды жинау»

Шарты: Шашылған шарларды себетке түстері арқылы жинау.

Тәрбиеші: Балалар, сендер сиді қолдарыңдағы шарлардың түстеріне карай үстелдерінді тауып отырындар (*сенсорика*)

Балалар қызыл, сары, жасыл, көк түстерді тауып орындарына отырады.

I қызыл үстелдің тапсырмасы: «Ою түстерімен сәйкестендір» .

Шарты: Үлттық оюларымызды түстеріне карай сәйкестендіру

2 сары үстелдің тапсырмасы: «Түстермен қызықты эксперимент» ойыны

Шарты: Экспиремент – іздеу әрекеті қашшалықты әртүрлі және каркынды болса, согұрлым бала жаңа ақпарат алады, толығырақ дамиды.

3 жасыл үстелдің тапсырмасы: «Коржынга түсіне сәйкес асықтарды орналастыр» ойыны

Шарты: Коржинның түсіне сәйкес шашылған асықтарды орналастыру.

4 көк үстелдің тапсырмасы: «Түрлі түсті мүйізтұмсық»

Шарты: Түрлі-түсті мүйізтұмсықты қысқыштың көмегімен түстеріне карай ажырату.

«Күн мен түн» қимылды ойыны арқылы сергіту сәтін ұйымдастыру.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін сендерге түстер әлемі алғыс айттып, қуанып жатыр. Сендер тапсырмалардың барлығын дұрыс орындаудыңдар. Жарайсындар, балалар!

Балаларды бағалау: Түрлі түсті шарлар беру.

Балалар автобусқа мініп топтарына қайтады.

